

## "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Ұлытау ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 06/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 наурызда № 3068 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 18/05 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің 22.06.2016 № 18/05 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Ұлытау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Уткельбаев Ерлан Сериковичке жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Х. Омаров*

Ұлытау ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы 23 ақпандағы  
№ 06/01  
қаулысымен бекітілген

## "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі білім саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік

құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

4. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық - құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, 101500, Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Бұлқышев көшесі, 17.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:  
мемлекеттік тілде - "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;  
орыс тілінде - государственное учреждение "Отдел образования Улытауского района".

10. Осы Ереже "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

12. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда ондай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірістеріне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: сапалы білім беру қызметін көрсету, білім саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

14. Міндеттері:

ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету; жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету; мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алуына арнайы жағдайлар жасау.

15. Функциялары:

мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың есебін жүргізу және олардың орта білім алғанға дейінгі оқуын ұйымдастыру;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелеттік жасқа толмағандарға қамқоршылық және қорғаншылықты ұйымдастыру, оларды балалар үйлеріне немесе интернаттық ұйымдарға анықтау;

жергілікті бағыныстағы білім беру ұйымдарында уақытылы бақылауды ұйымдастыру және оны өз құзыреті шегінде жүргізу;

мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру мәселелері бойынша жоғары тұрған органдарға статистикалық есептер беру;

педагогикалық кадрлардың біліктілігін көтеру, қайта даярлау қажеттілік есебін жоспарлау және ұйымдастыру;

әдістемелік кабинет арқылы оқу – тәрибелеу үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету;

білім ұйымдарының қызметін талдау, олардың даму перспективаларын болжау, ведомстволық бағынысты білім ұйымдарының педагогикалық

жаңашылықтарын оқу, тарату;

"Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыретіне кіретін мәселелер бойынша білім Басқармасы, облыстық Департамент және Басқармалармен ақпараттық байланысты қамтамасыз ету;

16. Құқықтары мен міндеттері:

өз функцияларын орындау үшін белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан, басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты алу;

мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды келісім бойынша мекеме құзыретіне қатысты мәселелерді дайындауға қатыстыруға тарту, тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін уақытша жұмыс топтарын құру;

білім саласында ұйым қызметін ұйымдастыруды жетілдіру туралы ұсыныстар енгізу, мекеменің қызметіне қатысты мәселелер бойынша ақпараттық - талдау және өзге де материалдық дайындауды жүзеге асыру;

тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға мекеме қызметінің аясына қатысты ұсыныстар енгізу, сондай-ақ аумақтық және жергілікті атқарушы органдар жүргізетін іс-шараларға қатысу;

адам құқықтарын сақтауда мен білім мәселелері бар өзге де сұрақтарды енгізуде білім ұйымдарының лауазымды тұлғаларына ұйымдастыру- әдістемелік, ақпараттық және басқа да көмек көрсету.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

17. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты " Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке аудан әкімімен тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттілігі:

мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды және мекемеге жүктелген тапсырмалардың орындалуына дербес жауапты болады;

бірыңғай принциптерде әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Ережеде белгіленген өзінің құзыретіне сәйкес мекеме мәселелерін дербес шешеді;

мекеме қызметкерлерінің және білім беру ұйымдарының басшыларының функционалдық міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді және бекітеді;

мекеменің перспективалық және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді; мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;

өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттарға қол қояды;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының, мектептен тыс орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық негізде тағайындайды және қызметтен босатады;

азаматтармен жеке қабылдау жүргізеді, жемқорлыққа қарсы күрес бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

мекеме атынан сенімхатсыз іс-әрекет етеді;

ұйымдарда, мекемелерде, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындарда мекеменің мүддесін білдіреді;

шарттар жасасады;

сенімхаттар береді;

мекеменің іссапар, тағылымдар, республикалық және шетелдік оқу орталықтарында және біліктілікті көтерудің басқа да түрлері бойынша мекеме қызметкерлерін оқытудың тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

Қазақстан Республикасы заңнамаларында, осы Ережеде жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

"Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктері қолданыстағы заңнамаға сәйкес, оны алмастыратын тұлғамен жүзеге асырылады.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

20. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырады.

21. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

23. "Ұлытау ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК